

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 2004 ж. «02» 09 заңды
 тұлға мамлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
 № 62155-1910 АК куәлік
 Алғашқы тіркелген күні 2004 ж. «31» 03
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫККОГО РАЙОНА
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
 ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА «02» 09 2004 г.
 свидательство № 62155-1910 АК
 Дата первичной регистрации «31» 03 2004 г.
 БСН/БИН 040340003474

Жалғыз қатысушы - «Сентрас Капитал» ЖШС
 2012 жылғы «10» мамыр шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
УТВЕРЖДЕН
 Решением единственного участника –
 ТОО «Сентрас Капитал» от «10» мая 2012 года



КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ БҮЙРЫҒЫ
 № 1363
 2012 ж. «29» 05
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫККОГО РАЙОНА
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 1363
 2012 г.

«Сентрас Секьюритиз»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ
акционерного общества
«Сентрас Секьюритиз»

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ БҮЙРЫҒЫ
 № 1893
 2015 ж. «05» 06
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫККОГО РАЙОНА
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 1893
 2015 г.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы
 2012 жыл
 г. Алматы, Республика Казахстан,
 2012 год

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұдан былай “Қоғам” деп аталатын “Сентрас Секьюритиз” акционерлік қоғамы - Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасы Зандарының, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерінің, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерімен, осы Жарғымен және осы органдар туралы Ережелермен белгіленген акционерлердің Жалпы жиналысының, директорлар Кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерінің негізінде құрылған және қызмет атқаратын заңды тұлға.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарының құрылу және құзыреті тәртібін, қайта құру және қызметін тоқтату шарттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

2.2. Қоғамның толық атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде – «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы;
- 2) Орыс тілінде – Акционерное Общество «Сентрас Секьюритиз»,
- 3) Ағылшын тілінде: «Centras Securities» Joint Stock Company.

2.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде – «Сентрас Секьюритиз» АҚ;
- 2) Орыс тілінде – АО «Сентрас Секьюритиз»,
- 3) Ағылшын тілінде: «Centras Securities» JSC.

2.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, Манас к-сі, 32А

3-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене алады және атқара алады, міндеттерді көтере алады, сотта шағым беруші және жауап беруші бола алады, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған басқа заңи әрекеттерді атқара алады.

3.2. Қоғам қызметін атқару үшін қаражаттар тарту мақсатында акциялар шығаратын және акционерлердің мүддесінде кіріс алуды алдына мақсат етіп қойған коммерциялық ұйым болып табылады.

3.3. Қоғамның өз дербес балансы, банктерде ұлттық және шетел валютасында ағымдағы және депозиттік шоттары, мемлекеттік және орыс тілінде атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген дөңгелек мөрі, мөтаңбалары, бланктері бар, жеке меншік тауар белгісіне, қызметін атқару үшін қажетті басқа да деректемелерге ие болуға құқылы.

3.4. Қоғам қызмет мерзімі шектелмей құрылған, өз қызметін уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет атқаруға берген лицензияның негізінде атқарады. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде қызмет атқаруға құқылы.

3.5. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржы дербестігі негізінде атқарылады.

3.6. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе құрылған ел заңнамасымен белгіленген тәртіпте еншілес және тәуелді заңды тұлғалар құруға, бірлескен кәсіпорындар құруға қатысуға, қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған кез келген әдіспен басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына және қызметіне қатысуға құқылы.

3.7. Қоғам басқа заңды тұлғалармен бірге қауымдастықтар (одақтар), консорциумдар және синдикаттар нысанында бірлестіктер құруға құқылы.

3.8. Қоғам қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және Қоғамның атынан және оның тапсыруымен өздері туралы Ережелердің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

4-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

4.1. Қоғамды құрудың және қызметінің мақсаты акционерлердің мүддесінде кіріс алу болып табылады.

4.2. Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

- Номинал ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызмет;
- Инвестициялық портфельді басқару, соның ішінде инвестициялық қорлардың активтерін басқару жөніндегі қызмет;
- Бағалы қағаздарды номиналды ұстау;

- Заңнамаға сәйкес брокерлік және дилерлік қызметпен қатар атқаруға болатын бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің басқа түрлері;
 - Андеррайтингтік қызмет;
 - Кәсіпорындарды қайта құрылымдау және қайта құру мәселелері бойынша кеңес беру қызметтері;
 - Инвесторларға активтерді сенімді басқару қызметтер көрсету, кеңес беру қызметтері;
 - Жобаларды қаржыландыруды, соның ішінде қаржыландыру көздерін бағалау және синдикатталған жобалық қаржыландыруды ұйымдастыру;
 - Корпоративтік, қаржы, салалық және экономикалық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу, соның ішінде бағалы қағаздар деректер базасын құрастыру, зерттеу нәтижелерін үнемі жариялап отыру;
 - Қолданыстағы заңнамамен бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін тыйым салынбаған басқа қызмет.
- 4.3. Аталған барлық қызмет түрлерін Қоғам Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарынан қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, куәліктерді, рұқсаттамаларды алғаннан кейін қолданыстағы заңнама талаптарына қатаң сәйкес түрде атқарады.

5-БАП. ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР

- 5.1. Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес заңды және жеке тұлғалары төмендегі шектеулерді есепке ала отырып қоғам акционерлері бола алады.
Келесілер Қоғам акционерлері бола алмайды:
- 1) Тізімі уәкілетті органмен белгіленетін оффшор аймақтарында тіркелген заңды тұлғалар;
 - 2) Осы тармақтың 1) тармақшасында аталған заңды тұлғаларға жатысты аффилиирленген тұлғалар;
 - 3) Осы тармақтың 1) тармақшасында аталған заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын тұлғалар.
- 5.2. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапкершілік көтереді.
- 5.3. Қоғамның акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 5.4. Қоғам акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқа уақытта өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
- 5.5. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6-БАП. ҚОҒАМ МҮЛКІ

- 6.1. Қоғам мүлкі Қоғамның жарғылық капиталын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде қызмет нәтижесінде туындайтын Қоғам міндеттемелерінің тиісті орындалуын қамтамасыз ету үшін арналған.
- 6.2. Қоғам мүлкі келесілердің есебінен құралады:
- 1) Акционерлердің Қоғам акцияларының төлеміне берген мүлкінің;
 - 2) Қызмет нәтижесінде алынған кірістердің;
 - 3) Қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған басқа мүлктің.
- 6.3. Қоғамның, филиалдары мен өкілдіктерінің мүлкі Қоғамға меншік құқығында тиесілі.
- 6.4. Қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте таза кіріс бөлінеді және Қоғам шығындары өтеледі.

7-БАП. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ ҚОРЛАРЫ

- 7.1. Өз қызметінің шығындарын жабу үшін қоғам өз акционерлерінің жалпы жиналысымен (Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен) белгіленген тәртіпте және мөлшерлерле өзінің Резервтік капиталын құра алады.
- 7.2. Қоғам міндеттемелерін қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметін дамыту үшін салықтарды, міндетті төлемдер мен алымдарды төлегеннен кейін қалған кіріс есебінен Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша сәйкес мақсатты қорларды, соның ішінде уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілеріне және қолданыстағы заңнамасының басқа талаптарына сәйкес Қоғам үшін қажетті немесе міндетті қорлар құруы мүмкін.

8-БАП. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҰСТАУШЫЛАР РЕЕСТРІ

- 8.1. Қоғам жай акциялар немесе жай және артықшылығы бар және барлық түрлері облигациялар, туынды, сондай-ақ шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнасымен рұқсат етілген басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орнықтыру, айналу және өтеу шарттары мен

тәртібі қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен анықталады. Қоғам конверсияланатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

8.2. Қоғам акциялары аукциондар, жазылу арқылы орнықтырылады. Акционер акциясын немесе Қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағазын оған акцияны немесе Қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағазды сатып алуға өтініш беру үшін берілетін отыз күн ішінде иелігінен шығарған кезде, артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес, акцияның немесе Қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағаздың бұрынғы меншік иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда бұл құқық жаңа меншік иесіне өтеді.

Қоғам жазылу арқылы орналастыратын акциялар осындай орналастыру шегінде, акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес иеленетін акционерлерді есептемегенде, акцияларды иеленетін барлық тұлғалар үшін бірдей бағамен сатылуға жатады.

Акционерлер акцияларды Қоғамның орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген бірыңғай орналастыру бағасы бойынша артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алады.

Осы орналастыру үшін акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген акцияларды орналастыру бағасы акциялар сатыла алатын ең төменгі баға болып табылады.

8.3. Қоғам акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

8.4. Жай акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналысында бір дауыс беру құқығын береді.

8.5. Артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді, егер:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады.

1-1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта осы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.

8.6. Дивидендтердің мөлшері, сондай-ақ Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігі Қоғам акцияларының шығарылым проспектіне анықталады. Дивидендтер тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындылары бойынша төленуі мүмкін. Егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, дивидендтері төленбеген акцияларды иеліктен шығару акцияның жаңа меншік иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

8.7. Дивидендтер уақтылы төленбеген артықшылығы бар акциялар оны сатып алған жаңа иесіне құқықтарды беру арқылы шеттетіледі. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

8.8. Қоғам конверсияланатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Қоғам акцияларына конверсияланатын бағалы қағаздарды жарияланған және орнықтырылған акциялар арасындағы айырмашылық шегінде шығаруға жол беріледі. Қоғамның бағалы қағаздарын конверсиялау шарттары мен тәртібі конверсияланатын бағалы қағаздар шығарылымымен анықталады.

8.9. Қоғам қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзі шығаратын акцияларды сатып алуға құқылы, бірақ осындай опциондар мәні болып табылатын Қоғам акцияларының саны Қоғамның жарияланған және орнықтырылған акцияларының арасындағы айырмашылықтан аспау керек.

8.10. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілдікке қою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8.11. Қоғам келесі жағдайларда ғана орнықтырылған бағалы қағаздарын кепілдікке қабылдай алады:

1) Кепілдікке ұсынылған бағалы қағаздар толығымен төленген;

2) Қоғамға кепілдікке берілетін және өзіндегі кепілдіктегі бағалы қағаздардың жалпы саны қоғам екінші бағалы қағаздар рыногында сатып алуға акциялардан басқа қоғамның орнықтырылған акцияларының көп дегенде жиырма бес пайызын құрайды;

3) Кепілдікке қою туралы шарт директорлар Кеңесімен мақұлданса.

8.12. Кепілдік шартының талаптарымен басқаша қарастырылмаса, Қоғам акционері кепілдікке қойылған акциялар бойынша дауыс беруге және дивидендтер аллуға құқылы.

8.13. Кепілдік шартымен басқаша қарастырылмаса, Қоғам орнықтырған және өзінде кепілдікте бар акциялар бойынша дауыс беру құқығы акционерге тиесілі болады. Қоғам өзінде кепілдіктегі акциялар бойынша дауыс беруге құқықсыз.

8.14. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілдігі қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркелуге тиіс.

8.15. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес Қоғамның бағалы қағаздар ұстаушылар система реестрін қалыптастырады, жүргізеді және сақтайды.

8.16. Қоғам акциялары ұстаушылар система реестрін қалыптастыру, жүргізу және сақтау, сондай-ақ уәкілетті органға ол жөнінде ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен анықталады.

8.17. Орнықтырылған акция толық төленгенге дейін Қоғам акциялар ұстаушылар реестріндегі иеленушінің есебіне осы акцияны аудару туралы бұйрық шығаруға құқықсыз.

8.18. Құжаттық бағалы қағаздарға құқықтарды тіркеуші немесе номинал ұстаушы бағалы қағаздар ұстаушылар система реестрінен үзінді жазба немесе номинал ұстаушының есебінен үзінді жазба беру арқылы растайды.

9-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Қоғам акционерлері құқылы:

- 1) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) Дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржы есебімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлауға кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Сот тәртібінде Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді даулауға;
- 7) Қоғамға қызметі туралы жазбаша сұраулар жөнелтуге және осы сұрау Қоғамға түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам акцияларын немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте акцияларға конверсияланатын Қоғамның басқа да бағалы қағаздарын сатып алу артықшылық құқығына ие;
- 9) Қоғам тараған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігіне;
- 10) Сенімхаттың негізінде Қоғам акцияларымен берілетін барлық құқықтарды немесе олардың бір бөлігін өкіліне (өкілдеріне) беруге;
- 11) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, заңнамада көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9.2. Қоғамның Ірі акционері қосымша құқылы:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы өтінішпен сотқа баруға;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпке сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу туралы ұсыныс жасауға;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.

9.3. Осы бапта белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

9.4. Акционерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

9.5. Акционерлер міндетті:

- 1) осы Жарғымен, қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғам акцияларын ұстаушыларының реестрін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзіне тиесілі акцияларына қатысты өзгергендігін тіркеушіге және акциялардың номинал ұстаушысына он күннің ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам өзі немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия болып табылатын ақпаратты таратпауға;
- 4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да міндеттемелерді орындауға.

10-БАП. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

10.1. Қоғам органдары:

- 1) Жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы (егер дауыс беру акцияларының барлығы бір акционерге тиесілі болса, осы акционер);
- 2) Басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) Атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – ішкі аудит қызметі.

10.2. Қоғам қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа органдар құруға құқылы.

10.3. Қоғамның дауыс беру акцияларының барлығы бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қолданыстағы заңнамамен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер дара қабылдайды және олар жазбаша рәсімделуге тиіс, бірақ осы шешімдер артықшылығы бар акциялармен расталған құқықтарға нұқсан келтірмеу керек және шектемеу керек. Қоғамның барлық дауыс беру акцияларына ие жалғыз акционер заңды тұлға болса, қолданыстағы заңнамамен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қолданыстағы заңнамаға және осы заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешімдер қабылдау құқығына ие органы, лауазымды тұлғалары немесе жұмыскерлері қабылдайды.

11-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

11.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады.

11.2. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Есеп кезеңі ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтай алмай қалған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған деп саналады. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

11.3. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 17) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 21) шешім қабылдау осы Заңда және (немесе) қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

11.4. Осы Жарғының 11.3 тармағының 1)-4) және 17 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің төрағасы қоғамның акционерлерін қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы органының мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді.

11.5. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ

12.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар Кеңесі шақырады.

12.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) өткен қаржылық жыл ішіндегі қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) акционерлердің қоғам оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініштер және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселелер қарастырылады.

12.3. Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақыралады:

- Қоғамның директорлар Кеңесінің;
- Қоғамның ірі акционерінің.

Ерікті тараған жағдайда акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыра алады, дайындай алады және өткізе алады.

12.4. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындап, өткізетіндер:

- 1) Басқарма Төрағасы;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы.

12.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы, не болмаса оларды жолдануы тиіс. Егер компанияның акционерлерінің саны елуден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабар қағаз жолдау арқылы жеткізілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама басылымда жарияланады және (немесе) жалпы жиналыс болатын күнге дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында жиналыс өтетін күнге дейін қалған қырық бес күннен кешіктірілмей акционерге (“алтын акция” иегеріне) жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіндігі туралы хабар басылымнан басқа бұқаралық ақпарат құралдарында қосымша таратуға жол беріледі.

12.6. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының өтуі туралы хабарлама төмендегілерді қамтуы керек:

- 1) Қоғамның толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру туралы бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін күн, уақыт, орын, жиналыс қатысушыларын тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ бірінші жиналыс болмаған жағдайда, Қоғам акционерлерінің қайта шақырылатын Жалпы жиналыс өтетін күн, уақыт;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі құрастырылатын күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі;

12.7. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін тіркеуші Қоғам акциялары ұстаушылар реестрлер жүйесі деректерінің негізінде құрастырады. Аталған тізім құрастырылатын күн акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім шығаратын кезде басқа акционерлермен бірлесу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш білдіруге құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш білдіруі мен қоғамның тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат таратуының тәртібі бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімін жүргізу шартымен белгіленеді.

12.8. Әрбір акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет ететін өз өкілі арқылы қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Қолданыстағы заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе мүддесін танытуға құқылы тұлғалар үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Қоғамның лауазымды тұлғалары акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқықсыз.

12.9. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқықсыз.

12.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін қоғамның басқа құжаттарымен немесе тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыс төрағасын/төрайымын және хатшысын сайлайды.

12.11. Акционерлердің Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған кезде акционерлер тізіміне енгізілген, қоғамның дауыс беру акцияларының елу және одан да көп пайызына ие акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс берген акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

Қатысушыларды тіркеу кезінде қоғамның дауыс беру акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, болмай қалған жиналыстың орнына акционерлердің қайтадан өтетін жалпы жиналысы құқықтық қабілетті болады.

12.12. Акционерлердің жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) деп анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын/төрайымын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік дауыспен жабылданады. Атқарушы органның мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысында төраға/төрайым бола алмайды.

12.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және ол талқылауға салынатын нақты мәселелердің толық тізімін қамтуы керек. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыра алады, бірақ қоғам акционерлері осындай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өтетін күнге дейінгі он бес күннен кешіктірілмей хабардар болулары керек. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысқа ұсынылған қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен бекітіледі. Акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеу керек.

12.14. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беру акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) қатысып, күн тәртібіне өзгертулер енгізу туралы қолдап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайдан басқа уақытта “бір акция – бір дауыс” қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

12.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құрастырылып, қол қойылуы керек және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәліметтерді қамтуы керек. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамалары хаттамалар кітабына тігіледі және акционерлердің танысуы үшін кез келген уақытта ұсынылады. Акционердің талап етуімен оған Акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдері

12.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беру Акционерлердің Жалпы жиналысқа қатысатын акционерлердің дауыс беру жолымен (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

12.17. Сырттай дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады (жіберіледі). Қоғам акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге жіберуге құқықсыз. Дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлердің Жалпы жиналысы отырысы өтетін күнге дейінгі қалған қырық бес күннен кешіктірілмей акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі керек.

12.18. Сырттай дауыс беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптар сақталуға тиіс.

13-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

13.1. Директорлар кеңесі - Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімінен басқа Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайтын Қоғамның басқару органы.

13.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;
- акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

- қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
 - акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
 - қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - осы Заңда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
